<p>ондай талапты Қосалқы мердігерлер орындауын бақылау;</p> <p>2) МЕРДІГЕРДІҢ өкілі КОМПАНИЯНЫҢ нысанында келісімшарт міндеттемелерін орындау аясында бір рет кіру мақсатында болса, оған қажет болғанда медициналық көмек КОМПАНИЯ тарапынан көрсетілуі мүмкін.</p>	<p>прямого договора (договоров) с соответствующим медицинским учреждением (-ями)), а также контроль выполнения данного требования своими Субподрядчиками;</p> <p>2) в случае, если представитель ПОДРЯДЧИКА находится на объекте КОМПАНИИ с целью разового посещения в рамках выполнения договорных обязательств, в случае необходимости, медицинская помощь ему может быть оказана со стороны КОМПАНИИ.</p>
<p>3.3 Мердігер COVID-19 індетіне, сонымен бірге кез келген өзге індетке, соның ішінде ондайлардың таралу қаупіне байланысты барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар белгілеген барлық талаптың орындалуына кепілдік береді.</p>	<p>3.3 Подрядчик гарантирует выполнение всех требований, установленных государственными органами власти всех уровней в связи с пандемией COVID-19, а также пандемиями любых других заболеваний, включая угрозы развития таковых.</p>
<p>4. ЖАБДЫҚТАР МЕН ҚҰРАЛ-САЙМАНДАР</p>	<p>4. ОБОРУДОВАНИЕ И ИНСТРУМЕНТЫ</p>
<p>4.1. Мердігер мақсатына сәйкес іске жарамды жабдықтарды, соның ішінде тиісті мемлекеттік стандарттардың, техникалық шарттардың талаптарына сай, төлқұжаттары, сертификаттары, нұсқаулықтары, ҚР қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге рұқсат құжаттары бар қол және электр саймандарды, электр таратқыш жүйелерді қолдануы тиіс.</p>	<p>4.1. Подрядчик должен применять по целевому назначению исправное оборудование, включая ручной и электроинструмент, электрораспределительные системы отвечающие требованиям соответствующих государственных стандартов, технических условий, имеющее паспорта, сертификаты, инструкции, и иные разрешительные документы, предусмотренные действующими нормативными правовыми актами РК.</p>
<p>4.2. МЕРДІГЕР барлық типті жабдық пен құрал-сайманға қызмет көрсетуге және олардың жарамдылығына жауапты тұлғалар - қажет кәсіби дайындығы және жабдықтың күрделілігі мен оның жұмыс параметрлерінің деңгейіне сай тиісті рұқсаттары бар жауапты қызметкерлерді тағайындауға міндетті.</p>	<p>4.2. ПОДРЯДЧИК обязан назначить лиц, ответственных за обслуживание и исправность всех типов оборудования и инструментов - ответственных сотрудников, которые должны обладать необходимой профессиональной подготовкой и иметь соответствующие допуски, отвечающие уровню сложности оборудования и его рабочих параметров.</p>
<p>4.3. Монтаждау, техникалық куәландыру немесе пайдалану барысында жабдықтың техникалық пайдалану ережесінің және қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі анықталғанда ол пайдаланудан шығарылуы тиіс. Одан әрі пайдалану анықталған сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін рұқсат етіледі.</p>	<p>4.3. При обнаружении в процессе монтажа, технического освидетельствования или эксплуатации несоответствия оборудования требованиям правил технической эксплуатации и безопасности оно должно быть выведено из эксплуатации. Дальнейшая эксплуатация разрешается после устранения выявленных несоответствий.</p>
<p>4.4. Жабдықтарды Жұмыс жүргізу орнына орналастыру алдын ала Компанияның өкілімен жазбаша келісіледі.</p>	<p>4.4. Размещение оборудования на месте проведения Работ заранее согласовывается с уполномоченным представителем КОМПАНИИ в письменной форме.</p>
<p>4.5. Химиялық заттарды қолданғанда олардың әлеуетті қаупін, физикалық, химиялық және психофизиологиялық қауіпті және зиян өндірістік факторларын, олардың жиынтықты және әлеует беруші әсерін ескеру қажет. Қауіптілігі ықтимал химиялық заттар қолданылатын Жұмыс орындағанда химиялық заттарды сәйкестендірудің, сақтаудың және қолданудың, қызметкерлердің зиян заттармен тікелей жанасуын болдырмайтын құжаттандырылған жүйесі болуы тиіс. Химиялық заттарды автокөлікпен тасымалдау КЕЛІСІМШАРТ талаптарына сай ұйымдастырылуы тиіс.</p>	<p>4.5. При использовании химических веществ следует учитывать их потенциальную опасность, возможность воздействия физических, химических и психофизиологических опасных и вредных производственных факторов, их суммирующего и потенцирующего эффекта. При выполнении Работ с использованием потенциально опасных химических веществ должна быть документированная система идентификации, хранения и использования химических веществ, исключая непосредственный контакт работников с вредными веществами. Транспортировка</p>

	химических веществ автомобильным транспортом должна быть организована согласно требованиям ДОГОВОРА.
4.6. Газ қауіпі бар орынжайларда және сыртқы кондырғыларда, сондай-ақ КҚК нысандарында өрт, газ қауіпі бар, жер қазу, жөндеу және басқа да қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде ауа ортасын бақылауды қамтамасыз ету қажет болған кезде МЕРДІГЕР тиісті газ талдауын жүргізуді қамтамасыз етеді және газдардың, булардың және заттардың қауіпсіз шектерде болуын бақылауды ұйымдастырады. КОМПАНИЯ КҚК нысандарында пайдалануға мақұлдаған аспаптардың тізбесі «КҚК нысандарында ауа ортасын бақылауды ұйымдастыру жөніндегі №104 Нұсқаулықтың» № 4 қосымшасында келтірілген.	4.6. При необходимости обеспечения контроля воздушной среды в помещениях и на наружных установках в газоопасных местах, а также при ведении огневых, газоопасных, земляных, ремонтных и других работ повышенной опасности на объектах КТК ПОДРЯДЧИК обеспечивает проведение соответствующего газоанализа и организует контроль за содержанием газов, паров и веществ в безопасных пределах. Перечень приборов, одобренных КОМПАНИЕЙ к использованию на объектах КТК приведен в Приложении №4 «Инструкции № 104 по организации контроля воздушной среды на объектах КТК».
5. ЖЕКЕ ҚОРҒАНУ ҚҰРАЛДАРЫ (ЖҚҚ)	5. СРЕДСТВА ИНДИВИДУАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ (СИЗ)
5.1. Қызметкерлерді ЖҚҚ-мен қамту және Мердігер қызметкерлерінің ЖҚҚ қолдану талаптарын сақтауына МЕРДІГЕР ғана жауапты.	5.1. Обеспечение работников СИЗ и соблюдение работниками Подрядчика требований по применению СИЗ является исключительной ответственностью ПОДРЯДЧИКА.
5.2. МЕРДІГЕР ЖҚҚ өз есебінен сатып алады және жарамды күйде сақтайды, норматив мерзімге сәйкес кию мерзімін сақтайды және өз қызметкерлерін уақытылы қамтамасыз етеді, істен шыққан арнайы киім мен басқа ЖҚҚ алмастырады.	5.2. ПОДРЯДЧИК за счет собственных средств приобретает СИЗ и содержит их в исправном состоянии, соблюдает сроки носки, соответствующие нормативным срокам и своевременно обеспечивает ими своих работников, производит замену вышедшей из строя спецодежды и других СИЗ.
5.3. ЖҚҚ таңдағанда МЕРДІГЕР қолданыстағы заңнама талаптары мен КОМПАНИЯНЫҢ «КҚК-Қ» АҚ қызметкерлерінің арнайы киім, арнайы аяқкиім және басқа жеке қорғану құралдарына қойылатын талаптар стандартын ескереді. ЖҚҚ қолдану мерзімі дайындаушы зауыт белгілеген уақыттан аспауы тиіс. Нысанның өндірістік аймағында қолдану қажет ЖҚҚ ең аз жиынтығы қорғайтын каска, отқа төзімді матадан тігілген арнайы киім, қорғайтын тұмсығы бар арнайы аяқкиім, қорғайтын көзілдірікті қамтиды.	5.3. При выборе СИЗ ПОДРЯДЧИК учитывает требования действующего законодательства и Стандарта КОМПАНИИ «Требования к спецодежде, спецобуви и другим средствам индивидуальной защиты работников АО КТК-К». Срок службы СИЗ не должен превышать установленный заводом изготовителем. Минимальный набор СИЗ, который необходимо применять в производственной зоне объекта, включает в себя защитную каску, специальную одежду, выполненную из огнезащитных тканей, специальную обувь с защитным подноском, защитные очки.
5.4. Теңіз МАС-та немесе мұнай құбырының Теңіз МАС-қа жақын желілік бөлігінде Жұмыс орындағанда МЕРДІГЕРДІҢ әр қызметкері шағын тыныстау құрылғысымен (ПДУ-3) қамтылуы және газ қауіпсіздігі бойынша оқытудан өтуі тиіс. Бұл орайда МЕРДІГЕР өз қызметкерлерін эвакуация көлігімен Жұмыс орындау уақытында тұрақты негізде қамтамасыз етуі тиіс.	5.4. При выполнении Работ на НПС Тенгиз или на линейной части нефтепровода вблизи НПС Тенгиз каждый работник ПОДРЯДЧИКА должен быть обеспечен портативным дыхательным устройством (ПДУ-3), пройти обучение по газовой безопасности. При этом ПОДРЯДЧИК должен обеспечить своих работников эвакуационным транспортом на постоянной основе на весь период проведения Работ.
5.5. Өндіріс қызметіне қатысы жоқ бір реттік мерзімді жұмыс орындағанда (сыртқы аудит, консалтинг қызметі), МЕРДІГЕРДІҢ және үшінші тұлғалардың қызметкерлері «КҚК-Қ» АҚ және ҚР талаптарына сай болса, өз ЖҚҚ қолдануы тиіс, немесе нысан аумағына келгенде кезекші ЖҚҚ-мен уақытша қамтылуы мүмкін.	5.5. При выполнении периодических разовых работ, не связанных с производственной деятельностью (внешние аудиты, консалтинговые услуги), персонал ПОДРЯДЧИКА и третьих лиц должен применять свои собственные СИЗ, если они отвечают требованиям АО «КТК-К» и требованиям РК, либо может быть временно

	обеспечен дежурными СИЗ на время пребывания на территории объекта.
6. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖОЛДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	6. ЭКСПЛУАТАЦИЯ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДОРОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ
6.1 Барлық АҚК мен Арнайы техникалар қауіпсіздік белдіктерімен және бас сүйегіштермен (егер шығарушы зауытта бас сүйегіш орнату көзделген болса), ABS тежеуді бұғаттауға қарсы жүйемен (шығарушы зауыт тарапынан ABS қондыру көзделген болса) қамтылуы тиіс, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін және автомобиль көлігінде еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы барлық талаптарға сай болуы тиіс.	6.1 Все АТС и СТ на автомобильном шасси должны быть оборудованы ремнями безопасности и подголовниками (если установка подголовников предусмотрена заводом-изготовителем), антиблокировочной системой тормозов ABS (если установка ABS предусмотрена заводом-изготовителем), а также отвечать всем требованиям действующего законодательства в области обеспечения безопасности дорожного движения и охраны труда на автомобильном транспорте.
6.2. Барлық АҚК және АТ тұманға қарсы фаралармен немесе тұманда көру мүмкіндігін қамтамасыз ететін сыртқы жарықты басқаруға арналған интеллектуралдық жүйемен жабдықталуы тиіс.	6.2 Все АТС и СТ на автомобильном шасси должны быть оборудованы противотуманными фарами либо интеллектуальной системой управления наружным освещением, обеспечивающей видимость в условиях тумана.
6.3 Барлық жеңіл АҚК, микроавтобустар мен автобустар кем дегенде жүргізуші мен алдағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталуы тиіс (егер қауіпсіздік жастықтарын орнату дайындаушы зауыт тарапынан көзделсе);	6.3 Все легковые АТС, микроавтобусы и автобусы должны быть, как минимум, оборудованы фронтальными подушками безопасности водителя и переднего пассажира (если установка подушек безопасности предусмотрена заводом-изготовителем).
6.4 Жүргізуші мен барлық жолаушылар үшін қауіпсіздік белдіктерін қолдану міндетті.	6.4 Использование ремней безопасности водителем и всеми пассажирами обязательно.
6.5 Жүргізушілердің АҚК мен АТ жүргізу үшін қажет біліктілігі, сондай-ақ тиісті қолданыстағы жүргізуші куәлігі болуы тиіс.	6.5 Водители должны иметь квалификацию, необходимую для управления требуемой категории АТС и СТ, а также соответствующее действующее водительское удостоверение.
6.6. Қауіпсіздік шарттары көлік қояудың басқа әдісін талап етпесе, АҚК және АТ артқа жүру (жүргізуші/машинист автомобильден шығып, артқа кедергі жоқ екеніне көз жеткізіп, апаттық дабылды қосып, сондай-ақ қозғалмас бұрын және де қозғалғанда ауық-ауық дыбыс белгісін беру керек) арқылы орнына қойылуы тиіс. Рұқсат етілген ең көп салмағы 3,5 тоннадан аспайтын АҚК және АТ кері жүрудің дыбыстық белгісімен жабдықталуы тиіс. Ірі габаритті жеңіл АҚК (минивэндер, пикаптар мен өзге де жол талғамайтын көліктер) дыбыстық белгімен жабдықтау ұсынылады.	6.6 АТС и СТ должны парковаться задним ходом (водителю/машинисту рекомендуется выходить из транспортного средства, чтобы убедиться в отсутствии помехи сзади, а также включать аварийную сигнализацию и подавать звуковой сигнал до начала движения и периодически во время движения), если условия безопасности не требуют иного способа парковки. АТС, разрешенная максимальная масса которых превышает 3,5 тонны, а также СТ должны быть оборудованы звуковым сигналом заднего хода. Рекомендуется оснащать звуковым сигналом заднего хода крупногабаритные легковые АТС (минивэны, пикапы и иные внедорожники).
6.7 Май, жанармай немесе техникалық сұйықтық ағатын, тежеу, отын, гидравликалық жүйелері, пайдаланылған газдарды шығару жүйелері, сондай-ақ АҚК қауіпсіз пайдалануға әсер ететін бүтін емес КҚ пайдалануға тыйым салынады. Техникалық сұйықтық және ЖЖМ ағатын АҚК Компания нысандарының аумағына кіруге тыйым салынады.	6.7 Запрещается эксплуатировать АТС, имеющие подтекание технических жидкостей, нарушение целостности тормозной, топливной, гидравлической систем, системы выпуска отработавших газов, а также других систем, влияющих на безопасную эксплуатацию ТС. Въезд АТС, имеющих подтекание технических жидкостей и ГСМ, на территорию объектов КОМПАНИИ запрещен.

<p>6.8 Шина протекторлары суретінің қалдық тереңдігі АКҚ қойылатын заңнама талаптарына сәйкес болуы тиіс. АКҚ шиналарының сымы көрініп тұратындай көзге білінерлік зақымдары (тіліктер, жырықтар және т.б.), сондай-ақ қаңқасының қабаттануы, протекторы немесе қапталы қабыршақтанған болмауы тиіс.</p>	<p>6.8 Остаточная глубина рисунка протектора шин должна соответствовать требованиям действующего законодательства, предъявляемым к АТС. Шины АТС не должны иметь видимых повреждений, обнажающих корд (порезы, разрывы и т.д.), а также расслоение каркаса, отслоение протектора или боковины.</p>
<p>6.9 Барлық АКҚ техникалық тұрғыдан жарамды болуы тиіс.</p>	<p>6.9 Все АТС должны быть технически исправными.</p>
<p>6.10 АКҚ артқы көрініс айнасы және сыртқы жарық аспабы зақымданбауы және міндетті түрде болуы тиіс.</p>	<p>6.10 На АТС не должно быть поврежденных или отсутствующих зеркал заднего вида и внешних световых приборов.</p>
<p>6.11 КОМПАНИЯ осы тараудың қандай да бір талабы орындалмаған жағдайда АКҚ-ны нысанға кіргізбеуге құқылы. Бұл жағдайда Келісімшарт бойынша Жұмысты Жұмыс жүргізу орнына кіре алмау себепті орындамағаны үшін жауапкершілік толықтай МЕРДІГЕРГЕ артылады.</p>	<p>6.11 КОМПАНИЯ имеет право не допустить на объект АТС, если не выполнено какое-либо из требований настоящего раздела. В этом случае ответственность за невыполнение Работ по Договору в связи с невозможностью въезда на место выполнения Работ полностью возлагается на ПОДРЯДЧИКА.</p>
<p>6.12 АКҚ жүргізушілеріне жолдағы ахуалды бақылаудан назарын аударатын болса және қолын рөлден алатын жағдай туындаса, тасымалды құрылғыларды: навигаторлар, коммуникаторлар, планшеттер және басқаларды, сондай-ақ, ҚҚ басқару кезінде ұялы телефонды, соның ішінде «HandsFree»-мен қолдануға тыйым салынады.</p>	<p>6.12 Водителям АТС категорически запрещено пользоваться мобильными устройствами: навигаторами, коммуникаторами, планшетами и пр., если их использование подразумевает отвлечение внимания от контроля за дорожной ситуацией и требует снятия рук с рулевого колеса АТС, а также использовать мобильный телефон, в том числе в режиме «Hands Free», при управлении ТС.</p>
<p>6.13 Келісімшарт жасалған соң Мердігер осы Келісімшарттың аясында қолдануды жоспарлайтын кез келген АКҚ Компанияның Көлік бөлімінің және/немесе ЕҚ, ӨҚ және ҚҚК бөлімінің уәкілетті қызметкерлері тексере алады.</p>	<p>6.13 После заключения Договора все АТС, которые Подрядчик планирует использовать в рамках данного Договора, должны быть представлены к осмотру уполномоченными сотрудниками Транспортного отдела и/или отдела ОТ,ПБ и ООС Компании.</p>
<p>6.14 Мердігердің АКҚ Компания нысандарында ұзақ уақытқа орналастырылатын (1 күннен артық) жағдайда Мердігер нысан аумағында АКҚ және АТ жүйелерінен техникалық сұйықтықтың ағу ықтималдығынан қорғау құралдарын (табақ орнату) ұйымдастыруы тиіс.</p>	<p>6.14 В случае длительного размещения (более 1 дня) АТС Подрядчика на объектах Компании, Подрядчик должен организовать средства защиты (установить поддоны) от потенциальных утечек технических жидкостей из систем АТС на территории объекта.</p>
<p>6.15 КОМПАНИЯНЫҢ нысандарында және күзету аймағында Мердігердің АКҚ жөндеуге, техникалық қызмет көрсетуге, жууға және отын құюға тыйым салынады.</p>	<p>6.15 На объектах КОМПАНИИ и в охранной зоне запрещается производить ремонт, техническое обслуживание, мойку и заправку топливом АТС Подрядчика.</p>
<p>6.16 КОМПАНИЯ нысандарында және іргелес жерлерде ашық топырақта, соның ішінде топырақ жамылғысында АКҚ қоюға және сақтауға тыйым салынады. Мердігердің АКҚ КОМПАНИЯ арнайы ұйымдастырған тұрақтарға/көлік қою орындарына ғана қою немесе тұраққа қою рұқсат беріледі.</p>	<p>6.16 На объектах КОМПАНИИ и прилегающей территории парковка и хранение АТС Подрядчика на открытом грунте, включая почвенный покров, запрещены. Парковка или стоянка АТС Подрядчика разрешается только на специально организованных КОМПАНИЕЙ стоянках/парковочных местах.</p>
<p>6.17 Қолдану мерзімі бір жыл және одан ұзақ келісімшарттар бойынша мына талаптар міндетті ЕМЕС, бірақ ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мердігердің барлық АКҚ-ларына борттағы мониторинг жүйесін (бұдан әрі БМЖ) орнату, ол кем дегенде мына параметрлерді белгілеп алуы тиіс: тұрған орны (геопозиция), жүріп өткен 	<p>6.17 По договорам, срок действия которых составляет один год и более, НЕ является обязательным требованием, но рекомендуется:</p> <ul style="list-style-type: none"> - установка на АТС Подрядчика бортовой системы мониторинга (БСМ), которая как минимум может фиксировать следующие параметры: местонахождение (геопозиционирование), пробег,

<p>қашықтық, жылдамдық, кенеттен үдету, кенеттен баяулату, кенеттен оңға және солға бұру, жүргізушінің жұмыс уақыты, сондай-ақ жүргізушіні сәйкестендіру функциясы болуы тиіс;</p> <p>- Компанияның уәкілетті қызметкерлерінің БМЖ деректер порталына рұқсаты болуы керек;</p> <p>- Компаниямен Келісімшарт бойынша Қызмет көрсету (Жұмыстар орындау) басталғанға дейін Мердігердің барлық жүргізушісіне RoSPA (немесе мына ұйымдардың біреуі: CEPA, Test&Training, Prodrive Academy) аккредиттеген мамандандырылған ұйымда автомобильді қауіпсіз жүргізуді оқыту. Ары қарай қауіпсіз жүргізуді оқытуды жылына кемінде бір рет өткізу ұсынылады.</p>	<p>скорость, резкое ускорение, резкое замедление, резкие повороты направо и налево, время работы водителя, а также иметь функцию идентификации водителя;</p> <p>уполномоченные сотрудники Компании должны иметь доступ к portalу данной БСМ;</p> <p>- прохождение водителями Подрядчика должны пройти обучения защитному вождению автомобиля в специализированной организации, аккредитованной RoSPA (или одной из следующих организаций: CEPA, Test&Training, Prodrive Academy), до начала оказания Услуг (выполнения Работ) по договору с Компанией. В дальнейшем обучение защитному вождению рекомендуется проводить не реже одного раза в год.</p>
<p>6.18 АКҚ техникалық күйі келесі құжаттардың талаптарына сай болуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көлік құралдарын пайдалануға және жолдағы қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі лауазымды тұлғаларға міндеттерін орындауға рұқсат беру бойынша негізгі ережелер (ҚР Үкіметінің 13.11.2014 №1196 қаулысы); • СТ ҚР МЕМСТ Р 51709-2004 “Автокөлік құралдары. Қозғалыс қауіпсіздігінің шарттарына сәйкес техникалық күйіне қойылатын қауіпсіздік талаптары. Тексеру әдістері” стандарты, • “Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы” кедендік кеңестің техникалық регламенттері (Кедендік кеңес комиссиясының 09.12.2011 №877 шешімімен бекітілген). • МЕМСТ 25646-95 “Құрылыс машиналарын пайдалану. Жалпы талаптар”; 	<p>6.18 Техническое состояние АТС должно соответствовать требованиям следующих документов:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Основные положения по допуску транспортных средств к эксплуатации и обязанностям должностных лиц по обеспечению безопасности дорожного движения (Постановление Правительства РК от 13.11.2014 № 1196»); • Стандарта СТ РК ГОСТ Р 51709-2004 «Автотранспортные средства. Требования безопасности к техническому состоянию по условиям безопасности движения. Методы проверки», • Технический регламент таможенного союза «О безопасности колесных транспортных средств» (утв. Решением Комиссии Таможенного союза от 09.12.2011 № 877). • ГОСТ 25646-95 «Эксплуатация строительных машин. Общие требования»;
<p>7. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛКІТІЛГІ</p>	<p>7. КОМПЕТЕНТНОСТЬ ПЕРСОНАЛА</p>
<p>7.1. Жұмыс алаңына алғаш рет келген бүкіл Қызметкер КОМПАНИЯНЫҢ жауапты маманынан кіріспе нұсқау алуы тиіс.</p>	<p>7.1. Весь Персонал, прибывающий впервые на рабочую площадку, должен получить вводный инструктаж ответственного специалиста КОМПАНИИ.</p>
<p>7.2. Компанияның нысандарында Жұмыс жүргізу үшін рұқсат алғанда Мердігердің қызметкерлерінің қолында өкімдік және рұқсат беру құжаттарының түпнұсқалары, оның ішінде нысанға жұмыс жүргізу үшін іссапарға жіберу туралы, адамдар тізімі мен қолданылатын арнаулы техника, автокөлік құралдарының тіркеу белгілері, жабдықтар мен құрал-саймандар көрсетілген бұйрықтар мен өкімдер, сондай-ақ оларға қатысты нормативтік және құқықтық актілерде көзделген оқыту және білім тексеру бойынша қосымша талаптар белгіленген негізгі кәсіптердің жеке санаттарына жататын жұмысшылардың қолданыстағы куәліктері болуы тиіс.</p>	<p>7.2. Работники ПОДРЯДЧИКА, получающие допуск с целью проведения Работ на объектах КОМПАНИИ, должны иметь при себе оригиналы распорядительных и разрешительных документов, включая приказы и распоряжения о командировании на объект для проведения работ с указанием списка лиц, используемой спецтехники, автотранспорта с указанием регистрационных знаков, оборудования и инструментов, а также действующие удостоверения отдельных категорий рабочих основных профессий, к которым установлены дополнительные требования по обучению и контролю знаний, предусмотренными нормативными правовыми актами.</p>
<p>7.3. КОМПАНИЯНЫҢ Қауіпті өндіріс нысандарында жұмыс жүргізу мақсатында рұқсат алатын мамандарды (лауазымды тұлғаларды) және</p>	<p>7.3. Для допуска специалистов (должностных лиц) и руководителей, получающих допуск с целью проведения Работ на Опасных Производственных</p>

<p>басшыларды кіргізу үшін МЕРДІГЕР қосымша мына құжаттарды ұсынуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - орындалатын жұмыстар Келісімшартының деректемелері және/немесе жұмыс жүргізу орындары міндетті түрде жазылған өрт қауіпсіздігіне, ЕҚ және ӨҚ үшін жауаптылар туралы бұйрық (өкім); - өнеркәсіптегі қауіпсіздік бойынша барлығы үшін, сондай-ақ орындалатын жұмыс түріне сәйкес қолданылатын пәндер бойынша аттестаттау хаттамаларының көшірмелері. 	<p>Объектах КОМПАНИИ, ПОДРЯДЧИКА должен дополнительно предоставить:</p> <ul style="list-style-type: none"> - приказ (распоряжение) об ответственных за пожарную безопасность, ОТ и ПБ с обязательным указанием реквизитов Договора, по которому выполняются работы, и/или места выполнения работ; - копии протоколов аттестации по промышленной безопасности для всех, а также в областях аттестации по применимым дисциплинам в соответствии с видом выполняемых Работ.
<p>7.4. Мердігер өз қызметкерлерінің КОМПАНИЯНЫҢ еңбек жағдайын және жұмысты қауіпсіз жүргізуді бақылау жүйесімен таныс болуын қамтамасыз етуі және қызметкерлерін барлық қауіпті факторды, қауіпті жағдайлар/әрекеттер және ықтимал қауіпті жағдайларды анықтап, оны хабарлауға ынталандыруы тиіс.</p>	<p>7.4. Подрядчик должен обеспечить осведомленность своих работников с системой наблюдений за условиями труда и безопасным ведением работ КОМПАНИИ и стимулировать работников выявлять и сообщать обо всех опасных факторах, небезопасных условиях/действиях и потенциально-опасных ситуациях.</p>
<p>8. АЛКОГОЛЬ, ЕСІРТКІ ЖӘНЕ УЫТТЫ ЗАТТАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТ</p>	<p>8. ПОЛИТИКА В ОТНОШЕНИИ УПОТРЕБЛЕНИЯ АЛКОГОЛЯ, НАРКОТИКОВ И ТОКСИЧЕСКИХ ВЕЩЕСТВ</p>
<p>8.1. Келісімшарт аясында Жұмыс орындағанда МЕРДІГЕРДІҢ міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • КОМПАНИЯ нысанында ішімдікке, есірткіге немесе улы заттарға мас болып келген қосалқы мердігерлерді қоса алғанда өз қызметкерлерін жұмысқа жібермеу (жұмыстан шеттетуге). • Өндіріс қызметін іске асыру үшін қажет заттардан (бұдан әрі «Рұқсат етілген заттар») басқа алкогольге, есірткіге немесе уытқа мас қылатын заттарды КОМПАНИЯ нысандарының аумағына алып келуге және олардың аумақта болуына жол бермеу. 	<p>8.1. При выполнении Работ в рамках Договора ПОДРЯДЧИК обязан:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Не допускать к работе (отстранять от работы) своих работников, включая Субподрядчиков, появившихся на объекте КОМПАНИИ в состоянии алкогольного, наркотического или токсического опьянения. • Не допускать пронос и нахождение на территории объектов КОМПАНИИ веществ, вызывающих алкогольное, наркотическое или токсическое опьянение, за исключением веществ, необходимых для осуществления производственной деятельности (далее – «Разрешенные вещества»).
<p>8.2. Аталған шектеулерді бақылау мақсатында КОМПАНИЯ жұмыс алаңдарына жеткізілетін барлық көлік құралы, арнайы техниканы, материалдар мен заттарды тексеруге және қарауға құқылы. Егер ондай қарау нәтижесінде аталған тыйым салынған заттар табылса, АКҚ мен Арнайы техника жұмыс алаңына жіберілмейді, Мердігердің қызметкер(лер)і жұмыс орнына жіберілмейді.</p>	<p>8.2. В целях обеспечения контроля за указанными ограничениями КОМПАНИЯ имеет право производить проверки и осмотр/досмотр всех АТС и СТ , вещей и материалов, доставляемых на рабочую площадку. Если в результате подобного досмотра будут обнаружены указанные запрещенные вещества, то АТС и СТ не допускается на рабочую площадку, работник(и) Подрядчика не допускается на рабочее место.</p>
<p>8.3 МЕРДІГЕРДІҢ қызметкерлері ішімдік ішкен, МЕРДІГЕРДІҢ қызметкері КОМПАНИЯ нысандарында ішімдікке, есірткіге немесе улы заттарға мас болып келген, КОМПАНИЯ нысандары аумағына ішімдік, есірткі немесе улы заттарды алып келу жайттарын белгілеу төмендегі әдістердің бірі арқылы жүргізіледі: медициналық қарау немесе куәландыру; КОМПАНИЯ қызметкерлері/КОМПАНИЯНЫҢ медициналық қызмет көрсету шарты бойынша тартқан үшінші тұлғалар жасаған акт арқылы; КОМПАНИЯ және/немесе МЕРДІГЕРДІҢ қызметкерлері (немесе КОМПАНИЯ мен МЕРДІГЕРДІҢ уәкілетті өкілдері) берген жазбаша</p>	<p>8.3 Фиксация фактов употребления алкоголя работниками ПОДРЯДЧИКА, появления работника Подрядчика на объектах КОМПАНИИ в состоянии алкогольного, наркотического или токсического опьянения, проноса или нахождения на территории объекта КОМПАНИИ веществ, вызывающих алкогольное, наркотическое или токсическое опьянение, осуществляется любым из нижеперечисленных способов: медицинским осмотром или освидетельствованием; актами, составленными работниками КОМПАНИИ/третьими лицами, привлекаемыми КОМПАНИЕЙ по договору оказания</p>

<p>түсініктемесі, ҚР заңнамасына сәйкес басқа жолдармен белгіленеді.</p>	<p>медицинских услуг, письменными объяснениями работников КОМПАНИИ и/или ПОДРЯДЧИКА (или уполномоченными представителями КОМПАНИИ и ПОДРЯДЧИКА), другими способами в соответствии с законодательством РК.</p>
<p>9. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ</p>	<p>9. ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ</p>
<p>9.1. Жұмыс орындау үшін МЕРДІГЕРДІҢ міндеттері:</p>	<p>9.1. Для выполнения Работ ПОДРЯДЧИК обязан:</p>
<p>а) КОМПАНИЯ нысандарында жұмыс орындауға мемлекеттік бақылау органдарымен ҚР заңнамасына сай белгіленген тәртіппен келісілген норматив-рұқсаттамалық табиғат қорғау құжаттамасының толық жинағын иелену;</p>	<p>а) иметь полный комплект необходимой нормативно-разрешительной природоохранной документации на выполнение Работ на объектах КОМПАНИИ, согласованный с государственными контролирующими органами в установленном законодательством РК порядке;</p>
<p>б) бастапқы есепке алу журналдарын, қоршаған ортаны қорғау бойынша өзге құжаттарды жүйелі түрде өзі жүргізу, табиғат қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, статистикалық органдар алдында ҚР заңнамасында белгіленген формалар бойынша есеп беру;</p>	<p>б) самостоятельно регулярно вести журналы первичного учета, иные документы по охране окружающей среды, отчитываться перед природоохранными, санитарно-эпидемиологическими органами и органами статистики по установленным законодательством РК формам;</p>
<p>с) МЕРДІГЕР КОМПАНИЯ нысандары аумағында келісімшарт бойынша жұмыс орындауына және МЕРДІГЕР пайдаланатын қоршаған ортаға кері әсер ету көздеріне байланысты қоршаған ортаны ластағаны және табиғатты пайдаланғаны үшін төлемдерді өзі жасау;</p>	<p>с) самостоятельно вносить платежи за негативное воздействие на окружающую среду и природопользование, связанное с выполнением ПОДРЯДЧИКОМ работ по договору на территории объектов КОМПАНИИ и с эксплуатируемыми ПОДРЯДЧИКОМ источниками негативного воздействия на окружающую среду;</p>
<p>д) Табиғат қорғау заңнамасының барлық деңгейдегі қолданыстағы талаптарын, сондай-ақ МЕРДІГЕРГЕ жеткізілген КОМПАНИЯНЫҢ корпоративтік стандарттарының талаптарын қатаң сақтау.</p>	<p>д) строго соблюдать все применимые требования природоохранного законодательства всех уровней, а также корпоративных стандартов КОМПАНИИ, доведенные до ПОДРЯДЧИКА в установленном порядке.</p>
<p>9.2. МЕРДІГЕРДІҢ Келісімшарт бойынша қызметінен түзілген қалдықтар пайда болғаннан бастап МЕРДІГЕРГЕ тиесілі. МЕРДІГЕР ҚР заңнамасына сәйкес қалдықтармен айналысу бойынша бүкіл жұмыс кешенін орындауға міндетті және МЕРДІГЕР және оның қосалқы мердігер(лер)і жүргізетін жұмыстардың нәтижесінде түзілетін барлық қалдықты КОМПАНИЯ аумағынан және маңайынан уақытылы шығаруға, қалдық КОМПАНИЯҒА тиесілі жағдайларды қоспағанда КОМПАНИЯ үшін қосымша шығынсыз өз бетімен жоюға, сондай-ақ қоршаған ортаға кері әсер тигізуге байланысты барлық есептесу мен төлемді жасауға міндетті. КОМПАНИЯ талабы бойынша МЕРДІГЕР осы тармақта белгіленген міндеттерді тиісті орындауын растайтын құжаттарды КОМПАНИЯҒА ұсынуға міндетті.</p>	<p>9.2. Отходы, образованные от деятельности ПОДРЯДЧИКА по Договору, с момента их образования принадлежат ПОДРЯДЧИКУ. ПОДРЯДЧИК обязан выполнять весь комплекс работ по обращению с отходами в соответствии с законодательством РК и своевременно удалять с территории КОМПАНИИ и близлежащего пространства все отходы, образующиеся в результате Работ, проводимых ПОДРЯДЧИКОМ и его субподрядчиком(ами), и утилизировать их самостоятельно, без дополнительных расходов для КОМПАНИИ, за исключением тех случаев, когда отход принадлежит КОМПАНИИ, а также осуществлять все расчеты и платежи, связанные с негативным воздействием на окружающую среду. ПОДРЯДЧИК обязан по требованию Компании предоставить КОМПАНИИ документы, подтверждающие надлежащее исполнение ПОДРЯДЧИКОМ обязанностей, установленных настоящим пунктом.</p>
<p>9.3 Құрамында зиянды заттар бар қалдықтарды Мердігер оларды жинақтауға арналған арнайы сыйымды ыдыстарда уақытша сақтауға және келісімшарт бойынша оның қызметінен түзілген қалдықтардың Компанияға тиесілі қалдықтармен араласып кетуіне жол бермей, қалдықтарды бөліп сақтау қағидаттарын сақтауға міндетті. МЕРДІГЕР</p>	<p>9.3 Подрядчик обязан временно накапливать отходы и материалы, содержащие вредные вещества, в специально организованных им закрытых емкостях для их накопления и соблюдать принцип селективного складирования отходов, не допуская смешивания отходов, образовавшихся от его деятельности по договору,</p>

<p>КОМПАНИЯ аумағында оның қызметінен пайда болатын қалдықтардың төлқұжаттарын әзірлеп, бекітуге міндетті.</p> <p>МЕРДІГЕР жұмыс материалдарының, қалдықтардың ашық топырақта жиналуын және орналастырылуына жол бермеуі тиіс.</p> <p>МЕРДІГЕР жұмысында қоршаған орта нысандарының бүлінуін және ластануын болдырмайтын арнайы контейнерлерді, табақтарды пайдалануы тиіс.</p>	<p>с отходами, принадлежащими КОМПАНИИ. ПОДРЯДЧИК должен разработать и утвердить паспорта отходов, образующихся от его деятельности на территории Компании.</p> <p>ПОДРЯДЧИК не должен допускать накопление и размещение рабочих материалов, отходов на открытом грунте.</p> <p>ПОДРЯДЧИК должен использовать в работе специальные контейнеры, поддоны, исключаящие загрязнение и засорение объектов окружающей среды.</p>
<p>9.4 МЕРДІГЕРГЕ АҚҚ мен арнайы техникасын су нысандарында, су қорғау аймақтарының шекарасында және КОМПАНИЯ нысандарында жууға тыйым салынады.</p>	<p>9.4 ПОДРЯДЧИКУ запрещается осуществлять мойку АТС и СТ в водных объектах, в границах водоохранных зон и на объектах КОМПАНИИ.</p>
<p>9.5 МЕРДІГЕР КОМПАНИЯНЫҢ ашық дренаж жүйесіне және шаруашылық-тұрмыстық кәрізіне мұнай өнімдерінің, өлшенген бөлшектердің, сұйық улы қалдықтардың және басқа зиян химиялық заттардың төгілуіне жол бермеуге міндетті.</p>	<p>9.5 ПОДРЯДЧИК обязан не допускать слива в открытую дренажную систему и хозяйственно-бытовую канализацию КОМПАНИИ нефтепродуктов, взвешенных частиц, жидких токсических отходов и других вредных химических веществ</p>
<p>9.6 МЕРДІГЕР өзінің және қосалқы мердігерлерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін, сондай-ақ МЕРДІГЕРДІҢ / ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕРІНІҢ кінәсінен қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін өз бетімен жауап береді. мердігердің тиісті айыппұлдар, арыз-талаптар бойынша жасаған төлемдерін Компания өтемейді.</p>	<p>9.6 ПОДРЯДЧИК самостоятельно несет ответственность за допущенные им и Субподрядчиками нарушения законодательных требований в области охраны окружающей среды, а также по возмещению ущерба, нанесенного по вине ПОДРЯДЧИКА/СУБПОДРЯДЧИКА окружающей среде. Затраты ПОДРЯДЧИКА на выплаты соответствующих штрафов, претензий, исков не подлежат возмещению Компанией.</p>
<p>9.7 Компания экологиялық талаптардың орындалуын бақылауға (ішкі аудит) және МЕРДІГЕРДІҢ табиғатты қорғау қызметіне қатысты кез келген ақпаратты, соның ішінде қалдықтарды жоюға, орналастыруға және залалсыздандыруға түпкілікті берілгенін растайтын құжаттарды (келісімшарттар, актілер, қалдық шығару кестелері) сұратуға құқылы.</p>	<p>9.7 Компания имеет право осуществлять контроль (внутренний аудит) за выполнением экологических требований и запрашивать любую информацию, касающуюся вопросов природоохранной деятельности ПОДРЯДЧИКА, в том числе документацию, подтверждающую конечную передачу отходов на утилизацию, размещение и обезвреживание (договоры, акты, график вывоза отходов).</p>
<p>9.8. МЕРДІГЕР сарқынды сулардың су нысандарына ешқандай төгілуін болдырмауға тиіс және түзілген сарқынды суларды тазартуға тапсырылуын қамтамасыз етуі тиіс.</p>	<p>9.8. ПОДРЯДЧИК должен исключить любой сброс сточных вод в водные объекты и обеспечить передачу образующихся сточных вод на очистку.</p>
<p>9.9. Жұмыс жүргізгенде Мердігер қоршаған ортаны ластанудан қорғаудың барлық қажет шараларын қолдануға міндетті.</p>	<p>9.9. При производстве работ Подрядчик обязан принимать все необходимые меры по защите компонентов окружающей среды от загрязнения.</p>
<p>10. ЕСЕПТІЛІК ТАЛАПТАРЫ</p>	<p>10. ТРЕБОВАНИЯ К ОТЧЕТНОСТИ</p>
<p>10.1 Өзгеше белгіленбесе, МЕРДІГЕР өзінің және ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕРІНІҢ алдыңғы есепті кезеңдегі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Жұмысының нәтижелері туралы ай сайынғы есеп беріп тұрады.</p> <p>Есеп есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-іне дейін ұсынылады, бірақ желтоқсан мен сәуір есептері есептік айдан кейінгі айдың екінші жұмыс күнінен кешікпей ұсынылады. Есеп үлгісі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы есептілік бойынша КҚК стандартында берілген.</p>	<p>10.1 Если не установлено иное, ПОДРЯДЧИК представляет ежемесячный отчет о результатах своей Работы и своих СУБПОДРЯДЧИКОВ в области ОТ, ПБ и ООС за предыдущий отчетный период.</p> <p>Отчёт предоставляется в срок до 5-го числа месяца, следующего за отчетным периодом, при этом отчет за декабрь и апрель предоставляются не позднее второго рабочего дня месяца, следующего за отчетным. Форма отчета указана в Стандарте КТК по отчетности в области ОТ, ПБ и ООС.</p>

<p>10.2 Есепке қосымша МЕРДІГЕР оқыс оқиғалар, апаттар мен жазатайым оқиғалар бойынша есептілікке қатысты КОМПАНИЯНЫҢ талаптарын сақтауға міндетті.</p>	<p>10.2 В дополнение к отчету ПОДРЯДЧИК обязан соблюдать требования КОМПАНИИ в отношении отчетности по инцидентам, авариям, несчастным случаям и дорожно-транспортным происшествиям.</p>
<p>10.3. Оқиғаларды хабарлау және тергеу процедураларына сәйкес МЕРДІГЕР адам өлімімен аяқталған оқиғалар туралы КОМПАНИЯҒА кешікпей хабарлайды. Жазатайым оқиға (еңбекке жарамдылықтың жойылуына соқтырған жарақат) туралы хабарлама Компанияға 24 сағат ішінде жолдануы тиіс.</p>	<p>10.3. В соответствии с Процедурами оповещения и расследования происшествий, ПОДРЯДЧИК незамедлительно уведомляет КОМПАНИЮ о случаях с летальным исходом. Уведомление о несчастном случае (травма, повлекшая за собой потерю трудоспособности) должно быть направлено в Компанию в течение 24 часов.</p>
<p>11. ЖАУАПКЕРШІЛІК</p>	<p>11. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ</p>
<p>11.1. КОМПАНИЯ тексеру нәтижесінде немесе басқа жағдайда Мердігердің осы қосымшада, ҚР заңнамасында, Компанияның норматив құжаттарында белгіленген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын сақтамағанын анықтағанда, КОМПАНИЯ өкілі Жұмыс орындауды анықталған талаптарды бұзу жайттары жойылғанша Мердігердің өкіліне ауызша талап қою арқылы жедел тоқтата туруға құқылы. Бір тәулік ішінде Жұмысты тоқтатып қойған Компания өкілі бұл туралы учаске бастығына немесе МЕРДІГЕРДІҢ басшысына, тоқтатудың себептері мен уақытын көрсетіп, жазбаша хабарлайды. Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар КОМПАНИЯ мен МЕРДІГЕРДІҢ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша өкілдері қол қоятын актіде бекітіледі. МЕРДІГЕР ондай актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда актіні КОМПАНИЯ біржақты тәртіппен рәсімдейді, МЕРДІГЕРДІҢ актіге қол қоюдан бас тартуы жөнінде жазба қалдырылады.</p>	<p>11.1. В случае выявления КОМПАНИЕЙ в результате проверки или иным образом факта несоблюдения Подрядчиком требований ОТ, ПБ и ООС, установленных настоящим Приложением, законодательными требованиями РК, нормативными документами Компании, представитель КОМПАНИИ вправе незамедлительно приостановить выполнение Работ до устранения выявленных нарушений путем устного предъявления требования о приостановке Работ представителю ПОДРЯДЧИКА. В течение суток представитель Компании, приостановивший Работы, письменно уведомляет об этом руководителя участка или руководителя Подрядчика с указанием причин и времени остановки. Обнаруженные в ходе проверки нарушения фиксируются в акте/предписании, подписываемом представителями КОМПАНИИ и ПОДРЯДЧИКА по вопросам ОТ, ПБ и ООС. В случае отказа ПОДРЯДЧИКА от подписания такого акта, он оформляется КОМПАНИЕЙ в одностороннем порядке с проставлением записи об отказе ПОДРЯДЧИКА от подписания акта.</p>
<p>11.2. Тараптар ондай талаптарды бұзу жайттарын жою мерзімі мен шаралары жөнінде (жоспар), оларға келешекте жол бермеу туралы келіседі. Талаптарды қайта бұзуға жол берген МЕРДІГЕРДІҢ қызметкері Жұмыс орындаудан шеттетіледі және КОМПАНИЯ нысандарына кіру рұқсаттамасынан айрылады. МЕРДІГЕР шаралардың мерзімін бұзған жағдайда МЕРДІГЕР кешіктірген әр күн үшін Компанияның талабымен 100\$ (жүз АҚШ доллары) мөлшерінде бұзушылықтарды толық жойған сәтке дейін айыпақы төлейді.</p> <p>Бұзушылықтарды жою шараларын орындау мерзімін бұзғаны үшін айыппұл салуға Компания және МЕРДІГЕР өкілдерінің қайта тексеру кезінде қол қойған екі жақты акті негіз болады.</p>	<p>11.2. Стороны согласуют сроки и мероприятия (план) по устранению таких нарушений и недопущению их в будущем. Работник ПОДРЯДЧИКА, допустивший повторное нарушение, отстраняется от выполнения Работ и лишается пропуска на объекты КОМПАНИИ. В случае нарушения ПОДРЯДЧИКОМ сроков мероприятий ПОДРЯДЧИК по требованию Компании уплачивает неустойку в размере, эквивалентном 100\$ (сто долларов США) за каждый день просрочки до момента полного устранения нарушений.</p> <p>Основанием для начисления штрафных санкций за нарушение сроков выполнения мероприятий по устранению нарушений является двусторонний акт, подписанный представителями Компании и ПОДРЯДЧИКА при повторной проверке.</p>
<p>11.3. МЕРДІГЕРДІҢ жазатайым оқиғаларды/оқиғаларды жасырғаны анықталса, осы қосымшадағы, ҚР заңнамасында белгіленген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бірнеше рет (үш және одан көп құжатталған жағдай) бұзуы Келісімшартты</p>	<p>11.3. Выявленные случаи сокрытия несчастных случаев/происшествий, дорожно-транспортных происшествий, повторяющиеся нарушения (три и более задокументированных случая) ПОДРЯДЧИКОМ требований ОТ, ПБ и ООС,</p>

айтарлықтай бұзу болып саналады және КОМПАНИЯ Келісімшартты жеке өз тарапынан соттан тыс тәртіппен бұзуы үшін негіз болады, бұнда КОМПАНИЯ тарапынан МЕРДІГЕРДІҢ шығынын өтеу міндеттемесі туындамайды.

установленных настоящим Приложением, законодательством РК, рассматривается как существенное нарушение Договора и является основанием для одностороннего расторжения КОМПАНИЕЙ Договора во внесудебном порядке без возникновения у КОМПАНИИ обязательств по возмещению убытков ПОДРЯДЧИКА, связанных с таким расторжением.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ/ПОДПИСИ СТОРОН

МЕРДІГЕР/ ПОДРЯДЧИК

КОМПАНИЯ/ КОМПАНИЯ

